

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫң САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ
ҚАУЛЫСЫ

16.08.2021 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 26

город Алматы

**Коронавирустық инфекцияның
таралуының алдын алу жөніндегі
шаралар туралы**

Коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайдың қауырттылығына, халық арасында дельта (үнді штаммы) нұсқасының қарқынды таралуына және емдеуге жатқызу үшін қосымша инфекциялық төсектерді талап ететін клиникалық симптомдары бар науқастардың 94% - ға дейін ұлғаюына байланысты, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру және білім беру мекемелерінде жаңа оқу жылын штаттық режимде қамтамасыз ету мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 104-бабының 2, 3, 5, 7-тармақтарына және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі № 33 қаулысының 9-тармағының, 5) тармақшасына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Алматы қаласы бойынша «Атамекен» ӨКП (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекеме басшылары:

1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысының 4-қосымшасындағы қоңыр-қызыл аймағына сәйкес келетін «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттарына сәйкес объектілердің жұмысын жалғастыру;

2) «Ashyq «көшбасшылары» мәртебесі бар объектілерге Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысының 8-тармағының 3-тармақшасына және 5-қосымшасына сәйкес объектілерің толтырылуы 10% дейін, сағат 00.00-ге дейінгі жұмыс режиміне рұқсат берілсін, тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, қызметкерлердің (персоналдың) кемінде 90% бірінші компонентпен вакцинацияланған жағдайда - 20%, «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейтін өзге де объектілерге сағат 22.00-ге дейін жұмыс режиміне рұқсат берілсін;

3) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысының 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда, меншік нысанына қарамастан, «Ashyq» жобасына қатыспайтын барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін тоқтата тұруды жалғастыру;

4) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №33 қаулысының 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген ұйымдар мен объектілерден басқа, меншік нысанына қарамастан, «Ashyq» жобасына қатысуышыларға қарамастан, сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмыс істеу кезеңінде 2021 жылғы 17-31 тамыз аралығында барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін тоқтата туру;

5) демалыс және мереке күндері ойын-сауық парктерінің, аттракциондардың, бөлшек сауда және қалалық саябақтардың аумағындағы қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне тыйым салу.

2. Аудан әкімдері, Алматы қаласы білім басқармасы, ЖОО, орта білім беру орындары, жекеменшік мектептер мен балабақшалар басшылары дейін:

1) студенттер мен ЖОО қызметкерлерін вакцинациялау қажеттілігі туралы ақпараттық түсіндіру;

2) соңғы 3 айда тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, педагогтер мен техникалық

персоналдың, жатақханалар мен асханалар персоналының 100% вакцинациялауды аяқтауды;

3) педагогтер мен қызметкерлер, жатақханалар, асханалар персоналы және ата-аналар арасынан жүктырған, вакцинация алмаған және байланыста болған адамдарды бақылау мақсатында барлық білім беру және тәрбие беру мекемелерінде «Ashyq» жүйесін енгізуіді;

4) тамақтандыруды ұйымдастыру, оқу үй-жайларының корпустардағы, аудиториялардағы, спорт және акт залдарындағы, жатақханалардағы бөлмелердің шамадан тыс тығыздалуын болдырмайтын оқыту форматы бойынша санитариялық талаптарға сәйкес білім беру мекемелерін қабылдауды, ауа-райы жағдайларына сәйкес дene шынықтыру сабактарын ашық аудиа өткізуіді;

5) маскалық және дезинфекциялық режимдерді сақтауды;

6) тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 айда ауырып жазылған адамдарды қоспағанда, 18 жастан асқан студенттерді вакцинациялауды;

7) оқушылар көп жиналатын орындарда – асханаларда, дәретханаларда, рекреацияларда ауа рециркуляторларын орнатуды;

8) оқу орындарында сабак бастала отырып, мыналарды:

- бастауыш, орта және жоғары сынып балаларына арналған бөлек кіру есіктерін;

- барлық қызметкерлер мен білім алушылардың күнделікті таңертенгі фильтрі;

- бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

- кабинеттік оқыту жүйесін жоюды;

- әр уақытта бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларының ауысын ұйымдастыруды;

- асханаларда желдетуді, дезинфекциялық режимді ұйымдастыруды бақылауды қүшеттуді;

- сыныпта, топта коронавирустық инфекциямен ауырған бірінші жағдайда, сондай-ақ отбасы мүшелерінің ауруы кезінде оқушыларды оқытудың онлайн-форматына ауыстыруды;

- ата-аналардың өтініштері бойынша оқушыларды онлайн форматта оқыту мүмкіндігін қарастыруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Білім басқармасы ата-аналар комитеттерімен талқылап, «Пандемия кезеңінде салауатты мектептер» бағдарламасын іске асыруға қабылдау жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Алматы қаласы Білім басқармасы ата-аналар комитеттерімен талқылап, «Пандемия кезеңінде салауатты мектептер» бағдарламасын іске асыруға қабылдау жөнінде ұсыныстар енгізсін.

4. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 23.07.2021 ж. № 23 қаулысының 2 - тармағы 1) тармақшасының қолданысы уақытша тоқтатылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы 2021 жылғы 17 тамыздан бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Ж. Бекшин

